

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі білім берудегі басқару және менеджмент» мектепке дейінгі ұйымдардың басшы қызметкерлеріне арналған біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)

1. Жалпы ережелер

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі білім берудегі басқару және менеджмент» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудағы заманауи әдістерді, тәсілдерді игеру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің күтілетін нәтижелерін іске асыруда ұйым басшы қызметкерлерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі ұйымды тиімді басқаруды дамыту және қамтамасыз ету, оның басшы қызметкерлерінің басқару дағдылары мен құзыреттерінің сапасын арттыру Қазақстан Республикасының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы басшы қызметкерлердің басты мақсаты мектепке дейінгі ұйымды дамыту, мектепке дейінгі ұйымның бастапқы жай-күйін анықтайтын топтың немесе көптеген адамдар тобының бірлескен қызметінің нормативтік моделі болып табылады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымның басшы қызметкерлері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін (бұдан әрі-Модель) іске асыру процесінде қызмет сапасын қамтамасыз етуі керек.

Осы тұрғыда «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі басқару және менеджмент» білім беру бағдарламасы ұйымды басқарудағы кәсіби міндеттерді шешуге, ұйымдастырудағы қарама-қайшылықтарды реттеуге негізделген.

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым басшы қызметкерлерінің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін, біліктіліктерін көтеруге ықпал етуге бағытталған және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 27 тамызындағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Глоссарий

Басқару – барлық білім беру ұйымдардың, барлық құрылымдар мен жүйелердің қалыптасуын, оңтайлы жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету бойынша барлық субъектілердің мақсатты қызметі.

Білім беру менеджменті – ұйым қызметкерлерінің білімі мен білігін дамыту, ұйымның педагогикалық функцияларын кеңейту, оның корпоративтік мәдениетін қалыптастыру, қызметкерлерді инновациялық қызметке тарту арқылы ұйымды дамытуға бағытталған қызмет.

Менеджер, басшы, меңгеруші – кәсіпорынның, белгілі бір құрылымда персоналды немесе процестерді басқарумен айналысатын маман. Ол мекеме иесі немесе жалдамалы жұмысшы болуы мүмкін.

Модель – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру бағыттарын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Модуль – бітірушінің бір құзыреттілігін (әдетте кәсіби) немесе құзыреттер тобын (мысалы, бір немесе бір топ міндеттерді шешу үшін барлық кәсіби құзыреттерді) қалыптастыруға бағытталған негізгі немесе қосымша білім беру бағдарламасының негізгі құрылымдық элементі.

Дамытушы ортасы – бұл балалар бастамасын қолдау үшін жоспарланған, заттар мен ойыншықтарға еркін қол жеткізуге, сабақтарды өз бетінше таңдауға және күні бойы өз идеяларыңызды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әртүрлі материалдары бар орта.

Қолдау қатынастары – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, оның еркін әрекетін қолдау, әр баланың жеке басына құрметпен қарау, бала үшін күрделі сәттерде қолдау көрсету;

Ерте даму – баланың туғаннан бастап мектепке түскенге дейінгі кезеңдегі дамуы.

Ерте жас – туғаннан 3 жасқа дейінгі кезең;

Инклюзивті білім беру кеңістігі-бұл әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалды, интеллектуалды және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қосылады және жеке басына, тәрбие мен оқудағы қалауына қарамастан қатысады.

3. Бағдарлама тақырыбы

1-модуль. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	1.1. Нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттары мен принциптері.
	1.2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (2021).
	1.3 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы (2022).
	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы.
2-модуль. Мектепке дейінгі	2.1 «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қазіргі басшысының кәсіби

ұйымды басқарудағы басшының қызметі.	құзыреттері.
	2.2 Мектепке дейінгі ұйым басшысының қазіргі кезеңдегі стратегиясы (шетелдік және отандық тәжірибе).
	2.3 Мектепке дейінгі ұйымның инновацияларын басқару
	2.4 Мектепке дейінгі ұйымның дамуын проблемалық басқару элементі ретінде SWOT – талдау.
	2.5 Педагогикалық ұжымдағы конфликтіні басқару.
	2.6 Мектепке дейінгі ұйым басқармасының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.
	2.7 АКТ құралдарын қолдалану (Google нысандары, MS Excel кестелері).
3-модуль. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру сапасын басқару.	3.1 Мектепке дейінгі білім беру сапасы: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау.
	3.2 Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін ұйымдастыру сапасын басқару.
	3.3 Педагогтердің кәсіби қызметін диагностикалау.
	3.4 Білім беру қызметін жүзеге асыру шарттарының сапасы.
	3.5 Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінің сапасын мониторингілеу.
4-модуль. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.	4.1 Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың өзара іс-әрекет моделі.
	4.2 Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, әлеуметтік - эмоционалды саласын дамытудағы отбасымен серіктестік қатынастар.
	4.3 Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың заманауи формалары.
	4.4 Мектепке дейінгі және ерте жастағы балаларды дамытуда ата-аналарға практикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйым жағдайында жайлы орта құру.
5-модуль. Вариативті мазмұны.	5.1.Тыңдаушылардың сапалы құрамына және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, Бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және мәселелерді шешу.
	5.2.Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалау.
Қорытынды бақылау	Тестілеу.
	Жоба қорғау.

Басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі білім берудегі басқару және менеджмент» білім беру бағдарламасының **жаңашылдық дәрежесі** халықаралық, ұлттық трендтер мен халықаралық тәжірибе негізінде әзірленуі мен аналогінің болмауында.

Білім беру бағдарламасында:

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы әлемдік тәжірибе, ұлттық және әлемдік трендтер назарға алынды;
- мектепке дейінгі ұйымдардың басшы қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталды;
- Модель негізінде әзірленген жаңа Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда мектепке дейінгі ұйымдардың біліктілікті арттыратын басшы қызметкерлерінің кәсіби дағдылары, дағдылары айқындалды;
- мақсаты мен міндеттері, менеджмент мазмұнын қалыптастыру идеясы, мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру нысандары мен құралдары, басқарудың негізгі принциптері және нормативтік құқықтық актілер бойынша жұмыс ерекшеліктері нақтыланды;
- жаңа нормативтік құқықтық актілерді іске асыру шеңберінде баланың дамуының бірыңғай кеңістігін құру үшін «мектепке дейінгі ұйым-«тәрбиеленуші-ата-ана» (*халықаралық тәжірибе*) тұжырымдамалық ережелері, негізгі қағидаттары, өзара іс-қимыл және әріптестік нысандары белгіленді.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайында мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы заманауи әдістерін игерту арқылы басшы қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер туралы білімдерді өзектендіру;
- 2) «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшы қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасау;
- 3) мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметін жоспарлау, талдау, басқару дағдыларын жетілдіру;
- 4) ECERS-R шкалалары негізінде сапалы мектепке дейінгі білім беруді қамтамасыз ету үшін басқару қасиеттерін дамытуға ықпал ету;
- 5) МДҰ-да әдістемелік жұмысты жетілдіруге негізгі бағыттарында білігін жетілдіру;
- 6) мектепке дейінгі ұйым ата-аналары, тәрбиеленушілері мен педагогтарының өзара түсіністік атмосферасының болуын, мүдделердің ортақтығын, оңтайлы қарым-қатынас пен мейірімді өзара қолдауын құру үшін менеджменттік дағдыларын дамыту.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық актілерді біледі;

2) «Педагог» кәсіби стандартының және Модель талаптары аясында басшы қызметкерлердің кәсіби-жеке құзыреттерін дамытады;

3) мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін біледі (жас санатын ескере отырып);

4) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен әріптестік қатынастарды ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерін меңгереді;

5) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірлескен іс-шараларды жоспарлауды және өткізуді біледі;

6) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар үшін консультациялар өткізудің интерактивті нысандарын пайдаланады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2) Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы басшының қызметі.

3) Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру сапасын басқару.

4) Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.

5) Вариативті мазмұны.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі, қашықтықтан оқу режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Білім беру процесін дәстүрлі режимде ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында теориялық және практикалық жұмыс, жобаны қорғау, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Өзіндік жұмыс, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары үшін тапсырмалар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Оқытудың білім беру процесі оқыту мен оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қамтиды: кейс-технология, баскет-әдіс (проблемалық иммитациялау), практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақ, тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, жобалық жұмыстың таныстырылымы, рөлдік ойындар, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушыны өз бетінше оқыту, электрондық интерактивті практикум.

Тыңдаушыларға өткен материалды оқу мен бекіту үшін курс материалдары беріледі.

Курс қашықтықтан ұйымдастырылғанда жоспарланған практикалық сабақтар мазмұны тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын орындаумен алмастырылады.

Курс соңында кері байланыс ретінде тыңдаушылардың жеке құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы игерген білім деңгейін бағалау критерийлері мен өлшемдері ұсынылады. Ол ОӘК құрамына енгізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары мен дидактикалық тәсілдері.

Оқытуды құру принциптері:

- жүйелі оқыту;
- оқытудың интерактивтілігі;
- оқыту мазмұнының мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласындағы өзекті мәселелерге сәйкестігі;
- оқу материалдарында мазмұндық динамикасының ескерілуі, бірізділігі;
- курстың тәжірибеге бағдарлануы;
- оқу материалдарының педагогикалық қызметпен байланыстылығы;
- курс мазмұнының тыңдаушыға бағдарлануы.

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын білім беру технологиялары:

- оқытуда проблемалық әдістерді қолдану (ситуациялық есептерді шешу, нақты жағдаяттарға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындау);
- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесуі (аудиториялық теориялық және практикалық сабақтар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі дуальдық оқыту);
- даму дәрежесінің біліктілігін анықтайтын бағалау материалдарын пайдалану (қорытынды тапсырманың орындалуын бағалау критерийлерін сипаттау үшін айдарды пайдалану);
- оқыту барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқу, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «ой талқысы/ миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында қорғау, кластерлер, менталды карталар әзірлеу).

Оқытудың әдістемелік құралдары:

1) оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т.б.);

2) оқу процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- шағын топтарда жұмыс істеу;
- талқылау;
- ситуациялық есептерді шешу;
- «миға шабуыл»;

- жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру;
- шығармашылық тапсырма.

1-Модуль. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

1. Модульдің өзектілігі. Модуль тыңдаушыларды нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі басым бағыттарымен (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі) танысуға жібереді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес педагогикалық процесті ұйымдастыру ерекшеліктерін айқындайды

2. Модуль міндеттері:

- 1) Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын анықтау.
- 2) мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының құқықтық сауаттылығын арттыру,
- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру.

3. Күтілетін нәтижелер:

Модуль соңында тыңдаушылар келесі біліктіліктерді көрсете алады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін трансформациялау жағдайында мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын анықтайды.
- 2) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарайды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес құқықтық сауаттылықты арттырады.

2-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы басшының қызметі

1. Модульдің өзектілігі. Модуль мазмұны тыңдаушыларды мектепке дейінгі ұйым басшы қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін, стратегиялық жобалау, педагогикалық процесті модельдеу дағдыларын, педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағыттайды.

Сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйым басшысының қызметін ақпараттық қамтамасыз етуге, ақпараттық технологиялармен басқаруға бағытталған.

2. Модуль міндеттері:

- 1) мектепке дейінгі ұйым басшысының кәсіби құзыреттілігін, стратегиялық жобалау дағдыларын дамыту;
- 2) педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынас құру;
- 3) мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін модельдеу;
- 4) ақпаратты жедел өңдеу дағдыларын меңгеру, мектепке дейінгі ұйымды басқару процесінде «интеллект-карталарды» пайдалану технологиясын пайдалану.

3. Күтілетін нәтижелер

Модульді оқып болған соң тыңдаушылар:

- 1) мектепке дейінгі ұйым басшысының кәсіби құзыреттіліктерін, стратегиялық жобалау дағдыларын меңгереді;
- 2) педагогикалық ұжымда тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;
- 3) мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін ұйымдастырады;;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ақпарат ағындарын жедел өңдеу тәсілдерін меңгереді, «интеллект – карталар» технологиясын пайдаланады.

3-Модуль. Мектепке дейінгі ұйым педагогикалық үдерісін ұйымдастыру сапасын басқару

1. Модульдің өзектілігі. Модуль үш компоненттің жиынтығын құрайтын мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін ұйымдастырудың сапасын зерттеуге және арттыруға бағытталған:

- 1) білім беру процесінің сапасы,
- 2) білім беру қызметін жүзеге асыру жағдайларының сапасы,
- 3) нәтижелердің сапасы.

2. Модуль міндеттері:

- 1) әр тәрбиешінің кәсіби дайындық деңгейін бағалауға көмектесетін педагогтердің кәсіби қызметінің диагностикасы;;
- 2) педагогикалық процестің сапасын бағалауды ұйымдастырудың кәсіби қиындықтарын анықтау;

- 3) педагогтармен жұмыс істеу тетігін анықтау

3. Күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби қызметіне диагностика жүргізілді;
- 2) МДҰ педагогикалық процесін бағалауды ұйымдастырудың кәсіби қиындықтары анықталады;
- 3) мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін бағалау рәсімін біледі.

4-Модуль. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру

1. Модульдің өзектілігі: Модуль әр баланың туыстық байланыстары құрылымының ерекшеліктерін, мектеп жасына дейінгі баланың отбасы мен отбасылық тәрбиесінің ерекшеліктерін талдайды. Модуль тыңдаушыға ата-аналардың тәрбиелік дағдыларын жандандыруға және байытуға және өз тәрбиеленушілерінің отбасыларымен тығыз байланыста жұмыс істеуге көмектеседі.

2. Модуль міндеттері:

- 1) Ата-аналармен өзара іс-қимылдың қолайлы ахуалы үшін жағдай жасау.

2) мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, әлеуметтік - эмоционалды саласын дамыту мақсатында ата-аналармен сенімді және серіктестік қарым-қатынас орнату

3) мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын педагогикалық ағарту деңгейін арттыру.

3.Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

1) педагогтардың ата-аналармен қолайлы өзара іс-қимыл шарттары айқындалады.

2) мектеп жасына дейінгі баланың когнитивтік, әлеуметтік - эмоционалды саласын дамытуда отбасымен әріптестік өзара қарым-қатынастар орнатылады.

3) ата-аналар қауымдастығымен мектепке дейінгі ұйымның қазіргі заманғы жұмыс нысандары әзірленеді.

5-Модуль. Вариативті мазмұн

Модульдің өзектілігі:

Модуль тыңдаушының жеке білім беру бағытын құруы үшін жағдай жасайды, оның құрамдас бөлігі оқу сабақтарының кестесі шеңберінде оның кәсіби сұраныстары мен еркіндігін қанағаттандыратын вариативті тақырып болады. Сондай-ақ, модуль рефлексивті диагностикалық кезеңді қамтиды.

3. Модуль міндеттері:

1) тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі проблемаларды анықтау;

2)білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

3. Күтілетін нәтижелер

Модульді оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) кәсіби қызметтегі проблемаларды рефлексиялайды.

2) білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалайды.

Біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Курс мазмұны	Теориялық сабақтар	Тестілеу	Практикалық сабақ	Жоба қорғау	Вбарлығы
1	1-модуль. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	8		8		16

1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері.	2		2		4
1.2	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (2021).	2		2		4
1.3	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы (2022).	4		4		8
2	2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы басшының қызметі.	7		11		18
2.1	«Педагог» кәсіби стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қазіргі басшысының кәсіби құзыреттері.	1		1		2
2.2	Мектепке дейінгі ұйым басшысының қазіргі кезеңдегі стратегиясы (шетелдік және отандық тәжірибе).	1		1		2
2.3	Мектепке дейінгі ұйымның инновацияларын басқару	1		1		2
2.4	Мектепке дейінгі ұйымның дамуын проблемалық басқару элементі ретінде SWOT – талдау.	1		2		3
2.5	Педагогикалық ұжымдағы конфликтіні басқару.	1		2		3
2.6	Мектепке дейінгі ұйым басқармасының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.	1		2		3
2.7	АКТ құралдарын қолдалану (Google нысандары, MS Excel кестелері).	1		2		3
3	3-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісін ұйымдастыру сапасын басқару.	6		10		16
3.1	Мектепке дейінгі білім беру сапасы: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау.	1		2		3
3.2	Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін ұйымдастыру сапасын басқару.	1		2		3

3.3	Педагогтердің кәсіби қызметін диагностикалау.	1		2		3
3.4	Білім беру қызметін жүзеге асыру шарттарының сапасы.	1		2		3
3.5	Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінің сапасын бақылау.	2		2		4
4	4-модуль. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.	8		8		16
4.1	Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың өзара іс-әрекет моделі.	2		2		4
4.2	Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, әлеуметтік - эмоционалды саласын дамытудағы отбасымен серіктестік қатынастар.	2		2		4
4.3	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың заманауи формалары.	2		2		4
4.4	Мектепке дейінгі және ерте жастағы балаларды дамытуда ата-аналарға практикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйым жағдайында жайлы орта құру.	2		2		4
5	5-модуль. Вариативтік мазмұн.	2				2
5.1	Тыңдаушылардың сапалы құрамына және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және мәселелерді шешу.	1				1
5.2	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалау.	1				1
6	Қорытынды бақылау.		1		3	4
6.1	Тестілеу.		1			1
6.2	Жоба қорғау.				3	3
	Барлығы:	31	1	37	3	72

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды сертификаттау жобаны қорғау, өзіндік жұмыс, тестілеу түрінде өткізіледі.

Өзіндік жұмыс

Өзіндік жұмыс барысында педагогтер ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін жоспарлауды, ұйымдастыруды және талдауды қамтитын жеке тапсырманы орындайды.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері

Өз бетінше жұмыс жасау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 1) орындалмаған – 0 балл;
- 2) ішінара орындалды – 1 балл,
- 3) толық орындалды – 2 балл.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін талдаудың диагностикалық құралдарының даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) тәрбиеші мен ата-ананың өзара әрекетін ұйымдастыру алгоритмін практикада қолдану;
- 3) қорытынды жасай білу.

Өзіндік жұмыс бойынша білімін бағалау ұпайларды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);
- 2) «жақсы»: 7-8 ұпай, (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%).

Жоба құрылымы

4-5 педагогтен тұратын топ бір жоба тақырыбы бойынша жұмыс жасайды. Әрбір топ өз жобасын әзірлейді.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің(лер) толық атауы, жылы, қаласы көрсетіледі).
- 2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).
- 3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, тұжырымдау және негізгі мәселенің қысқаша сипаттамасы беріледі).
- 4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады; дереккөздердің материалдары мен қолданыстағы тиімді тәжірибе негізінде жоба идеясы белгіленеді; жобаны іске асыру кезеңдері жоспарланады; жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері және оның болашақтағы дамытушылық, жаттықтыру, қалыптастырушы әсері анықталады).
- 5) Қорытынды (жобаның тәуекелдері белгіленеді, жалпыланған қорытындылар жасалады немесе жобаны пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар беріледі).
- 6) Қолданылғани әдебиеттер тізімі.
- 7) Қосымша (қажеттілігіне орай)
- 8) Слайд түріндегі презентация

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті өнімділік.

Жобаны бағалау парағы

	Критерии	Ұпайлар	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық		
4	Жобаны жүзеге асыру кезеңдерін құрылымдау Логика, жүйелілік, толықтық		
5	Жобаны жүзеге асыру перспективалары		
	Ұпай саны		

Жоба жұмыс презентациясы келесі критерийлер арқылы бағаланады:

0 балл – орындалмаған;

1 ұпай – жартылай орындалды;

2 ұпай – толық орындалды.

Жоба бойынша ең көп ұпай саны – 10 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

«5» (өте жақсы) бағасы 8-10 балл сомасына қойылады.

«4» (жақсы) балл 6-7 баллға сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) балл 4-5 балл сомасына сәйкес келеді.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-модуль. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	16	10
2	2-модуль. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы басшының қызметі.	18	10
3	3-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісін ұйымдастыру сапасын басқару.	16	10
4	4-модуль. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.	16	10

	Тестілеуге	1 сағат	40 сұрақ
--	-------------------	----------------	-----------------

Ұпайларды бағаға ауыстыру шкаласы

баға	орындалған % диапазон	ұпай
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50%-дан аз	20 ұпайдан аз

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде қолдану басшы қызметкерлерге әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу-педагогтің курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі. Бұл қолдау педагогтің білім беру қызметін сүйемелдеу арқылы оның өзін-өзі дамуына ықпал етеді.

Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен тәсілдері:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қатысты барлық өзгерістер туралы педагогтер мен әдіскерлерді әдістемелік қамтамасыз ету және уақытылы хабардар ету үшін байланыс көздері:

1.1 әртүрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts);

1.2. аймақтардағы мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

2. Курстан кейінгі қолдауды ресурстық қамтамасыз ету үшін:

1.1. курс пәні бойынша электронды материалдар (оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық материалдар, интернет көздеріне сілтемелер, *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz> сайты*).

3. Біліктілікті арттыру траекториясын жүзеге асыру үшін:

3.1. педагогикалық кейс құру;

3.2. педагогтердің *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастыратын республикалық конкурстарға қатысуы* (ұсынылған конкурс Ережелері *Институттың <http://irrd.kz> сайтында орналастырылған*);

1) Наурыз мейрамы мерекесіне арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»;

- 2) Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен» отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу конкурсы;
- 3) Республикалық «Мен зерттеушімін» балалар байқауы;
- 4) Республикалық «Өнерлі бала» балалар шығармашылығы байқауы;
- 5) Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Ана тілім – айбыным» шығармашылық байқауы;
- 6) Республика күніне арналған «Ән шырқайық бәріміз» патриоттық ән байқауы;
- 7) «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі фото, бейнероликтер байқауы;
- 8) Кітап бұрышын ұйымдастыруға арналған «Балаларға базарлық» байқауы;
- 9) «Әкем – асқар тауым».

3.3. курс тақырыбы бойынша «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында педагогтер мен әдіскерлердің мақалаларын жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (24.11.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы);
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы);
6. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы);
7. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы);
8. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж);
9. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж);

10. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж);

11. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.08.2022 ж. №157// бұйрығы);

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz/>.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ортасының сапасын ECERS-3 шкаласын пайдалана отырып бағалау бойынша әдіскерлер мен педагогтарға арналған Әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан, 2022 – 37 б.

3. Кузгибекова Г. М. Инклюзивті білім: нақты тәжірибе, проблемалар, перспективалар" авторлар <http://gia.ru/spravka/>